



## «Рухани жаңғыру»

### аясында ұйымдастырылған тәрбие жұмысы

Жақында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының дәріс залында 1-3 курс жеке құрамына Тәрбие жұмысы бөлімі мен курс б а с ш ы л ы қ т а р ы н ы ң ұйымдастыруымен Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының негізінде бейнеролик көрсетілді.



Бұл бейнероликте Елбасымыздың мақаласында көтерген сананы жаңғырту, ұлттық болмыс, ұлттық, рухани код, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы ауқымды да өзекті мәселелер қарастырылды. Ел Президенті Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен, жоспарларымен бөліскен бұл мақала бірінші кезекте әрбір

адамның дүниетанымын, ой-санасын жаңғыртудан басталады. Қазақстанның гуманитарлық білім жолындағы қол жеткізген жетістіктері, Елбасымыздың «Қазақстан – 2050» стратегиясының жаңа бағдарламасын жүзеге асыру жолындағы негізгі бағыттары, сондай-ақ бүкіләлемдік, жаһандық экологиялық мәселелер аталып өтті. Бүгінгі күні еліміз жаңа дәуір есігін ашқалы тұр. Бұл дәуірді инновациялар дәуірі, ғаламат жаңалықтар ашу немесе технологиялық жетілу дәуірі десек те болады. Саясат пен

экономиканы модернизациялау маңызы өте зор. Алайда осы жаңғырудың маңызы әрбір адамға байланысты, ол үшін ең алдымен айтып кеткендей адамдардың санасын, олардың дүниетанымын өзгерту қажет. Сондықтан бұл дәуірде өмір сүру үшін жоғары деңгейдегі кәсіби біліктілікке ие білімді қызметкерлермен қарулану керек. Жалпы бұл серпін экономикалық немесе басқа да көрсеткіштерді көтерумен шектелмейді, енді ойлау модернизациясы, өмір сүру дағдысын модернизациялау, сана модернизациясын дамыту іске

асырылады. Елімізді алға жетелеу ой-санасы жаңашылдыққа икемді, өзгерістерге бейім, темірдей тәртіпке ие, әрі өз-өзін үнемі жетілдіріп отыратын, өз елінің тарихы мен мәдениетін жетік білетін, оны құрметтейтін, әлемді жақсылыққа бастар күш-қуатқа толы бүгінгі жастар қолында. Дамушы елімізге батыл да білімді, шұғыл шешім қабылдай алатын, заңи тұрғыдан кәсіби мамандар қажет. Олар бүгінгі мектеп оқушылары мен студенттер болып табылады.

Осылайша, Үшінші жаңғыртудың алға қойған мақсатын ұғындыру, болашақта еліміздің дамуына қандай үлес қоса алатынымыз жайлы, сондай-ақ курсанттардың бойындағы нағыз, шынайы патриоттық сезімді тәрбиелеу мақсатында, біліміне іскерлігі сай жастардың қолынан келетін істер жайлы, болашаққа жасар қадамның маңызды жоспарларын ұсынған бұл бейнероликтің тәрбиелік мәні өте зор болды.

**Э. КАНАЧИНА,  
ҚР ІІМ Қостанай  
академиясы баспасөз  
қызметінің мүшесі 2-курс  
курсанты**

## Ашық есік күнінен алған әсерім

Жақында Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында «Ашық есік» күні өткізілді. Осы шарадан алған өзімнің әсерімді білдіргім келеді.

Мені болашақта заңгер болатындығымнан, Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы бойынша экскурсия қатты қызықтырды. Академия аумағында Шырақбек Қабылбаевқа арналған ескерткіш орнатылған, ол кісі Қазақ КСР Ішкі істер министрі болған.

Спорт залына өттік, онда бізге жауынгерлік күрес тәсілдерін көрсеткендерін көргенде, қызығасың және тұла бойыңды рухани әсер билейді екен. Қазақстан Республикасы ІІМ музейіне кірдік, онда Кешбасшы Н.Назарбаевтың қолымен жазған жазбасын көруім де маған қатты әсер берді.

Ал, басқа кабинетке кіргенімізде, біздер әртүрлі қаруларды көрдік, ол қарулар туралы анықтап тұрып түсіндірілді. Акті залында Академияның бастығы генерал М.Қызыловпен кездестік. Осы экскурсиядағы мен үшін ең жағымды сәт осы болды, себебі жақсы және жаныңа жақсы әсер беретін адаммен кездесу әр студенттің арманы. Ол кісіні көрген сәттен, өз бойыңда патриоттылық, құрмет пайда болады екен. Менің ойымша, осы академияның әр курсанты осындай генералды мақтан етулері керек. Ол кісі иығында үлкен жұлдызы бар генерал, бірақ өзінің қарапайым ұстамдылығымен, ақ көңіл қасиеттерімен ерекшеленеді екен. Менің байқағаным, біз сияқты қарапайым студенттермен әңгімелескенде бұрыннан таныс дос сияқты, сонымен қатар әзілдеп, күліп сөйлескені жақсы әсер берді. Құқық қорғау органының әрбір қызметкері сол кісіден үлгі алу керек деген ой туындайды. Ол кісі өзінің танысу сөзінде, қазақ тілінде және орыс тілінде білімділігін көрсетті. Шынығын айтсам, басшы осы қасиеттерімен-ақ адамды өзіне тартады, осындай кісінің академияны басқарғанын мақтан етемін. Академия қабырғасында болғаныма өте қатты қуандым және көп әсер алдым.

**Дамира ДОСТОЯРОВА,  
Қостанай Гуманитарлық колледжі  
құқықтану факультетінің  
2-курс студенті**

## Музейден көп жайларға қанықтық

Тыңдаушыларымызды өз Отанының бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауға, Отанды сүйуге, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыруға, әсемдікке, жауапкершілікке, елге, жерге деген патриоттық сезімдерін оятуға, елінің мұрасын жалғастырушы азамат болуға тәрбиелеу – біздің басты мақсатымыз.

Осы мақсатта түрлі іс-шаралар өткізуді біздің Оқу орнымыз дәстүрге айналдырған. Соның бір мысалы, Қазақстан Республикасы ІІМ Оқу орталығының 1, 2, 3, 4-взвод тағылымдамашыларымен бірге взвод жетекшілері: әлеуметтік және жалпы құқықтық пәндер циклының оқытушысы полиция подполковнигі А. Медібаева, кәсіби даярлық пәндер циклының оқытушысы полиция майоры Б. Ілияс, әскери пәндер және дене шынықтыру даярлығы циклының оқытушысы полиция майоры В. Евдокименко, криминалистика және арнайы техника циклының оқытушысы полиция аға лейтенанты Ш. Жиеншенованың Қостанай облысы ІІД-нің «Милиция даңқы» музейіне баруы.

Қостанай облысының ІІД «Милиция даңқы» музейінің жетекшісі отставкадағы ішкі қызмет подполковнигі П. Щедрин саяхатын соғыс жылдары және қызметтік міндетін атқару

барысында қаза тапқан қызметкерлердің ескерткішінен бастады. Онда Кеңес Одағының Батыры В. Афанасьев пен милиция генерал-майоры С. Бәкіровтің есімдері мәңгілікке жазылған. Аталмыш ескерткіш бүгіндері Қостанай облысының тарихи әрі мәдени нысаны болып табылады. ІІМ Еңбегі сіңген қызметкер, Қазақ ССР Еңбегі сіңген заңгер, ҰОС-ның ардагері және Еңбек Ері, Қостанай қаласының Құрметті азаматы, милиция генерал-майоры С. Бәкіровтің құрметіне 2015 жылғы 7 мамырда «Солдаттан генералға дейін» атаумен стенд ашылды.

Музей директоры П. Щедрин милиция генерал-майоры С. Бәкіровтің өмір жолымен арнайы алғашқы оқыту курс тағылымдамашыларын таныстырды. Милиция генерал-майоры С. Бәкіровке арналған тақтайшаға фотосуреттері орналастырылған және атқарған жұмыстары жөнінде баяндайтын материалдар мен құжаттар да аз емес. Мұның сыртында, 1993 жылғы 31 мамырда милиция генерал-майоры С. Бәкіровтің есімімен аталған «Дзержинец» лагері де бар.

«Милиция даңқы» музей-бөлмесі Қостанай милиция ардагерлерінің бастамасымен құрылған. Онда негізгі және қосымша екі жарым мыңнан астам жәдігер қоры бар, бұл қор заманауи құжаттармен және жәдігерлермен

үнемі толықтырылуда. Қостанай милициясы-полициясы қызметкерлерінің жұмысында айшықты із қалдырған адамдар туралы жаңа материалдар пайда болуда.

2011 жылы 22 сәуірде бір зал музейдің 40 жылдығына «Қостанай полициясы құқық тәртібі және заңдылық күзетінде» атауымен безендірілді. «Милиция даңқы» иузейінің заманауи дизайн жасалған, көрме аумағы 400 шаршы метр. Музейдің екінші көрме залында «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі», «90-жылдар», «2000-жылдар», «Қызмет: күндер мен түндер», «Құқық тәртібі күзетінде», «Әрқашанда қызметте», «Міндет пен абыройдың адамдары», «Мәңгілік есте тұтамыз», «Қостанай облысының ІІБ бастықтары», «КСРО ІІМ еңбек сіңірген қызметкерлері», «Музей тарихының белестері» экспозициялары берілген.

Тағылымдамашылар Қостанай облысы ІІД-нің «Милиция даңқы иузейіне барып жақсы әсер алып қайтты. Музей директоры П. Щедринге алғысымызды білдіреміз.

**Мереке ҒАЛИЕВА,  
ҚР ІІМ Оқу орнының (Қостанай қ.)  
Криминалистика және  
арнайы техника циклының бастығы  
полиция майоры**

### СОТ ЗАЛЫНАН

## Жасөспірім қызды көзінен атқан

Қостанай облысының көмелетке толмағандар ісі жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты ҚР ҚК 106-бабы 2-бөлігі 11-тармағы (жасөспірім денсаулығына қасақана ауыр зиян келтіру) бойынша айыпталған 19 жастағы Арзу Гаджиевке қатысты сот үкімін шығарды.

Еске салсақ, 2016 жылдың 4 маусымында сағат 21.00 шамасында көмелеттік жасқа толмаған А.Гаджиев қылмыс құралы ретінде пневматикалық тапаншаны пайдаланып, қаруды көмелеттік жасқа толмаған Б-ның басына бағыттаған. Өзінің қылмыстық әрекетін аяғына дейін жеткізбек болған сотталушы тапаншадан оқ атып, көмелетке

толмаған жәбірленушінің сол көзін жарақаттаған.

Оқиға салдарынан жәбірленуші Б. көзіне оқ кіріп, ауыр жарақат алған.

Сот үкімімен А.Гаджиев қылмыстық істе айыпты деп танылып, оған 5 жыл 6 айға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды. Ол қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемесінде

жазасын өтейтін болды. Сонымен қатар, сотталушыдан жәбірленуші пайдасына 2 млн. 72 мың теңге материалдық және 1,5 млн. теңге моральдық залал өндірілді.

Сот үкімі заңды күшіне енген жоқ.

**Қостанай облыстық  
сотының  
баспасөз қызметі**

**Д. ӨТЕГЕНОВ,  
Тобыл ст. ЖПБ бастығы  
полиция аға лейтенанты**

Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru